 - Егер тоңазытқыш 0 °C-тан төмен температурада сақталса немесе тасымалданса, оны қоспас бұрын оны бөлме температурасында кемінде 8 сағат ашық есіктермен ұстау керек! Қыздырылмаған тоңазытқышты желіге қосу компрессордың сыналануына әкелуі мүмкін!
- Тазалау**
- Тоңазытқышты тасымалдаудан кейін жұмыс жағдайына келтіру үшін қажетті уақытты гигиеналық тазалау үшін пайдалануға болады.
- Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін, сондай-ақ құрамдас бөліктерін жылы сабынды суға малынған жұмсақ шүберекпен жуыңыз, таза сумен шайыңыз, құрғатыңыз, содан кейін тоңазытқышты ашық есіктермен бір сағат бойы желдетіңіз.
- HA3AP АУДАРЫҢЫЗ!**
- Тоңазытқышты жуу үшін құрамында қышқылдар және еріткіштер бар абразивті пасталар мен жуғыш құралдарды қолданбаңыз!
 - Жаңа тоңазытқыштың белгілі бір иісі бар, ол уақыт өте келе толығымен жоғалады.
- Қосу**
- Тоңазытқышты 50 Гц жиіліктегі және номиналды кернеуі 220 В бастап 240 В дейін айнымалы ток желісіне қосу керек (тоңазытқыш 170 В-тан 260 В-қа дейінгі кернеу кезінде қалыпты жұмыс істей алады). Тоңазытқышты көрсетілген параметрлерге сәйкес келмейтін желіге қосу оның істен шығуына әкелуі мүмкін. Егер желідегі кернеу ұсынылған параметрлерге сәйкес келмесе, тұрмыстық электр құрылғыларымен жұмыс істеуге арналған, кемінде **1600 ВА** толық іске қосу қуатына есептелген кернеу тұрақтандырғышын орнату қажет (мамандандырылған дүкеннен сатып алынады).
 - Тоңазытқыштар «I» класты электр тогының зақымдануынан қорғау түрі бойынша шығарылады (жерге қосу сымымен), сондықтан тоңазытқыштарды тек жерге тұйықталған электр желісіне қосуға болады. Егер розетка тоңазытқыштың қуат сымының айырына сәйкес келмесе, онда қорғаныс класы I розетканы орнату үшін білікті электршімен байланысу керек.
- Өнімдерді орналастыру**
- Азық-түлікті тоңазытқышта тоңазытқышты электрмен қоректендіру желісіне қосқаннан кейін кемінде 4 сағаттан кейін орналастыру ұсынылады.
- Тоңазытқыш тікелей күн сәулесі түсетін жерге, жарық беретін және қыздыратын аспаптардан (газ және электр плиталары, пештер, жылыту радиаторлары) кемінде 50 см қашықтықта орнатылуы тиіс.
- HA3AP АУДАРЫҢЫЗ!**
- Тоңазытқыш орнатылған үй-жайдағы қоршаған ауа температурасы 10-ден 43 °C-ге дейін.
 - Үй-жайдағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75%-дан аспауы керек.

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Қауіпсіздік ережелері

Тоңазытқышты пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

- Тоңазытқышты электр желісіне қоспас бұрын розетканың жарамдылығын және қуат сымы мен айырдың зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Электр тогымен зақымдану қауіптілігін болдырмау мақсатында қуаттың баусымы зақымданған кезде оны дайындаушы зауыттың өкілі немесе ұқсас білікті тұлға ауыстыруы тиіс.
- Төкеткізгіш бөліктердің тоңазытқыш корпусына тұйықталу белгілері болған кезде (металл бөліктерге тигенде шымшу), тоңазытқышты желіден ажыратыңыз және ақаулықты жою үшін механикті шақырыңыз.
- Тоңазытқышқа және табиғи жерге қосылған құрылғыларға (газ плитасы, жылыту радиаторлары, су шүмектері) бір уақытта қол тигізбеңіз.
- Тоңазытқышты ішін және сыртын тазалау, тоңазытқыштың астындағы еденді жуу, ақаулықтарды жою кезінде желіден ажыратыңыз.

HA3AP АУДАРЫҢЫЗ!

- **Физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімдерінің жетіспеушіліктері бар болған адамдар (балаларды қоса) бақылауда болса немесе оларға осы тоңазытқышты пайдалану туралы олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғамен нұсқамалық жүргізілген жағдайларды қоспағанда, осы тоңазытқыш ондай адамдардың пайдалануына тағайындалмаған!**
- **Тоңазытқышпен ойнауға жол бермеу мақсатында балаларды бақылау керек!**
- **Тоңазытқыш жүйесі контурының зақымдалуына жол бермеңіз!**
- **Тоңазыту жүйесін саңылаусыздандыру кезінде үй-жайды жақсылап желдетіңіз және ашық жалынды қолданбаңыз!**
- **Тоңазытқыштың корпусында орналасқан желдеткіштерді жаппаңыз!**
- **Еріту процесін тездету үшін, өндіруші ұсынған тәсілдерден басқа механикалық құрылғыларды немесе өзге құралдарды қолданбаңыз!**
- **Егер олар өндіруші ұсынған тип болмаса, азық-түлік сақтау бөлімдерінің ішінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз!**


Тоңазытқыш дұрыс жұмыс істеуі және сізге ұзақ уақыт қызмет етуі үшін бірқатар шектеулерді сақтау керек:

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ!

- Тоңазытқышты ылғалдылығы жоғары бөлмелерде (төбесі, қабырғалары және бөлмедегі заттар ылғалмен жабылған), сондай-ақ өткізгіш едендері бар бөлмелерде қолданбаңыз! Электрлік құрылғыны жоғары ылғалдылықта пайдалану электр тогының тұйықталуына немесе соғуына әкелуі мүмкін.
- Тоңазытқышты электр желісіне қосу үшін бейімдегіштерді, екіайырларды, ұшайырларды және ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз, себебі олар өртке әкелуі мүмкін!
- Жұмыс кезінде тоңазытқыштың компрессорын ұстамаңыз, себебі ол жұмыс кезінде 90 °C температурасына дейін қыздырылады!
- Тоңазытқышта өрт шығуы мүмкін электр жылыту аспаптарын орнатпаңыз!
- Тоңазытқыштың электр сызбасына сұйықтықтың тиюіне жол бермеу үшін сұйықтықтары бар сыйымдылықты тоңазытқыш үстіне қоймаңыз!
- Тоңазытқыштың құрылымына өз бетіңізше өзгерістер енгізбеңіз! Бұл тоңазытқыштың бұзылуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін! Тоңазытқыштың электр тізбегін бұзу қысқа тұйықталуға және соның салдарынан өртке әкелуі мүмкін!

ШКАФҚА ОРНАТУ ЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

ТОҢАЗЫТҚЫШТ
ЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ



ВІ 269

Ені	Шкафтың өлшемі бойынша тереңдігі	Толық тереңдігі	Шкафтың өлшемі бойынша биіктігі	Толық биіктігі	ТБ есігінің биіктігі	МБ есігінің биіктігі
A	C	D	E	B	F	G
540	510	550	1770	1785	1007	621

Ескертпе: өлшемдері миллиметрмен көрсетілген.

ВІ 241

Ені	Шкафтың өлшемі бойынша тереңдігі	Толық тереңдігі	Шкафтың өлшемі бойынша биіктігі	Толық биіктігі	ТБ есігінің биіктігі	МБ есігінің биіктігі
A	C	D	E	B	F	G
540	510	545	1770	1785	1007	621

Ескертпе: өлшемдері миллиметрмен көрсетілген.

ВІ 267

Ені	Шкафтың өлшемі бойынша тереңдігі	Толық тереңдігі	Шкафтың өлшемі бойынша биіктігі	Толық биіктігі	ТБ есігінің биіктігі	МБ есігінің биіктігі
A	C	D	E	B	F	G
558	515	558	1770	1785	992	621


Ескертпе: өлшемдері миллиметрмен көрсетілген.

ВІ 300


Ені	Шкафтың өлшемі бойынша тереңдігі	Толық тереңдігі	Шкафтың өлшемі бойынша биіктігі	Толық биіктігі	ТБ есігінің биіктігі	МБ есігінің биіктігі
A	C	D	E	B	F	G
558	515	558	1940	1955	1076	706

Ескертпе: өлшемдері миллиметрмен көрсетілген.


**ШКАФТЫҢ
ӨЛШЕМІНЕ
ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР**
Бирюса
ВІ 269/241



**Бирюса
ВІ 267**



**Бирюса
ВІ 300**









Ескертпе

Барлық суреттер таныстыру мақсатында берілген.


БИРЮСА ВІ 241, ВІ 269

Шкафқа орнату


Тоңазытқышты орнатуға арналған монтаждау бөлшектері.

-  Жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге *8
-  Тығыздағыш таспа*1
-  Төменгі шектегіштерге арналған бітеуіш*4
-  Жоғарғы қырына арналған бітеуіш *2
-  Сопақша бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге *4
-  Жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұранда *4



1. Тоңазытқышты шкафқа үстіңгі қырының шеті шкафтың жоғарғы қапталына, ал төменгі шектегіштер шкафтың төменгі қапталына тиетіндей етіп орнатыңыз.





2. Төменгі тірек аяқтарын шкафтың түбіне бұраншелермен бекітіңіз, оларға бітеуіштер орнатыңыз.



3. Бұраншегелердің көмегімен жоғарғы қырын ішкі жағынан жоғарғы шетіне бекітіңіз, содан кейін бітеуіштерді орнатыңыз.




4. Шкафтың төменгі есігін максималды бұрышқа ашыңыз, тоңазытқыштың төменгі есігін тиісті күйге ашыңыз, оларды қиыстырыңыз. Бекіткіш тақтайшаны ішкі шеті тоңазытқыштың төменгі есігінің шетімен сәйкес келетіндей етіп жылжытыңыз, содан кейін тақтайшаны шкафтың есігіне бұраншегелердің көмегімен бекітіп, бітеуіштерді орнатыңыз. Тоңазытқыштың жоғарғы есігін шкафтың есігіне дәл осылай бекітіңіз.




Бекіту тақтайшасы

5. Тоңазыту бөліміндегі монтаждау жинағынан тығыздағыш таспаны алыңыз. Оны тоңазытқыштың есігі мен шкафтың есігінің арасындағы саңылауға орнатыңыз.




Тығыздауыш



БИРЮСА ВІ 267, ВІ 300

Шкафқа орнату


Тоңазытқышты орнатуға арналған монтаждау бөлшектері.



- Жоғарғы ілмектің сәндік қаптамасы *2
- Төменгі ілмектің сәндік қаптамасы *2
- Жоғарғы тілімшенің бітеуіші *2
- Тығыздағыш таспа*1
- Есіктің жоғарғы бөлігіне арналған сәндік қаптама *2
- Төменгі шектегіштерге арналған бітеуіш*4
- Есіктің төменгі бөлігіне арналған сәндік қаптама *4
- Есіктің төменгі тірегі*4
- Ілмектерге арналған сәндік қаптама *4
- Жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге *4
- Сопақша бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге *4
- Жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге *24
- Жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұранда *4

1. Тоңазытқыштың есігін ашып, орнатуға қажетті барлық бөлшектерді алыңыз, есікті жабыңыз.

2. Жоғарғы тілімшені тоңазытқыштың есігіне орнатыңыз, оны 3 бұрандамен бекітіңіз.




3. Қуат кабелін шығарып, оны шкафтың корпусындағы арнайы кабель саңылауынан өткізіп, розеткаға қосыңыз. Егер розетка шкафтың ішінде болса, алдымен ашаны розеткаға салыңыз, содан кейін тоңазытқышты шкафқа салыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қуаттау кабелін қысып алмаңыз. Зақымдалған кабель өртке қаупті болуы мүмкін.


4. Жоғарғы және төменгі сәндік қаптамаларды олардың бүйірлеріндегі ілмектерге орнатыңыз.






5. Тоңазытқышты шкафқа орнатыңыз, шектегіш ілгекті ашыңыз. Жоғарғы тілімшенің шеті шкафтың жоғарғы қапталына, ал төменгі шектегіштер шкафтың төменгі қапталына тиіп тұруын қадағалаңыз.




6. Төменгі шектегіштерді (жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншегемен) және төменгі тілімшені (сопақша бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншегемен) бекітіңіз. Содан кейін тоңазытқыш пен мұздатқыш бөліктерінің есіктерін ашып, ілмектерді (жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншегемен) бекітіңіз.



-  Жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге
-  Сопақша бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге
-  Жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге

Шкафтың жоғарғы есігін орнату


1. Тоңазытқыш бөлігінің есігін жабыңыз, жайғастыру тақтайшасын шығарып алыңыз, оны үстіңгі тақтайшадағы жайғастыру саңылауына салыңыз және шкафтың жоғарғы қапталына бекітіңіз. Үстіңгі тақтайшаны орталықтандыра отырып реттеңіз және ортаңғы бекіту саңылауының ортасы мен шкафтың шетінің арасындағы қашықтықты (W) өлшеңіз. Жайғастыру тақтайшасының күйін сақтаңыз. Ернеменктің сомындарын босатып, жоғарғы бекіту тақтайшасы мен жайғастыру тақтайшасын шешіп алыңыз.




-  Жайғастырушы саңылау
-  Жоғарғы бекіту тілімшесі
-  Жайғастыру тақтайшасы



Ернеменкті сомын





2. Шкафтың жоғарғы есігін ішкі жағымен өзіңізге қарай бұраңыз. Жайғастыру тақтайшасын есіктің жоғарғы жиегіне, ал бекіту тақтайшасын есіктің панеліне іліністіріңіз. Бекіту тақтайшасын ортаңғы бекіту саңылауының ортасы мен есіктің шетінің арасындағы қашықтық W болатындай етіп реттеңіз. Тілімшені бұраншегелермен бекітіңіз. Орнатқаннан кейін жайғастыру тақтайшасын шығарып алыңыз.




Жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге

3. Шкафтың құрастырылған есігін тоңазытқыштың тоңазыту бөлімінің есігінде орналасқан сұққыштарға орналастырыңыз. Содан кейін шкафтың есігі мен тоңазытқыштың есігінің арасындағы бекітуді тексеру үшін есікті жабыңыз. Конструкцияны ернемекті сомындармен бекітіңіз. Есіктің төменгі тіректерін орнатыңыз және оларды жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұрандалар мен жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншегелермен бекітіңіз.



Сұққыш



Есіктің төменгі тірегі


Жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұранда

Жалпақ бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұраншеге


Шкафтың төменгі есігін орнату

Мұздату бөлімшесінің есігіне шкафтың төменгі есігін орнату процедурасы тоңазыту бөлімшесінің есігіне шкафтың жоғарғы есігін орнату процедурасына ұқсас. Алдағы тармақтарды қайталаңыз.


Жоғарғы тілімшеге бітеуішті орнатыңыз




Есіктердің жоғарғы шетіне сәнді қаптамаларды орнатыңыз




Төменгі шектегіштерге бітеуіштерді орнатыңыз




Есіктің төменгі шетіне сәнді қаптамаларды орнатыңыз



Ілмектерге сәнді қаптамаларды орнатыңыз



Тығыздағыш таспаны орнатыңыз




ШКАФТЫҢ ЕСІГІН РЕТТЕУ

БИРЮСА ВІ 267, ВІ 300


Жоғарғы шеті бойынша реттеу

- Сомынды кілттің көмегімен сұққыштардағы ернеменкті сомындарды реттеу арқылы биіктікті (Z) (шамамен 5 мм) реттеңіз;
- Ернеменкті сомындарды аздап босатып, есікті оңға және солға реттеңіз (X) (шамамен 5 мм). Есіктің дұрыс жайғастырылуына көз жеткізгеннен кейін ернеменкті сомындарды қатайтыңыз;
- Алтықырлы бастиегі бар бұрандаларды аздап босатыңыз, есікті алға және артқа қарай реттеңіз (Y) (шамамен 5 мм). Есіктің дұрыс жайғастырылуына қол жеткізгеннен кейін, алтықырлы бастиегі бар бұрандаларды қатайтыңыз.



Төменгі шеті бойынша реттеу





- Жасырын бастиегі және айқара тәрізді оймакілтегі бар бұрандаларды аздап босатыңыз, есікті алға және артқа қарай реттеңіз (Y) (шамамен 5 мм). Есіктің дұрыс жайғастырылуына көз жеткізгеннен кейін бұрандаларды қатайтыңыз;
- Реттеуді аяқтау үшін бұраншегелердің көмегімен есікті бекітіңіз.



ЕСІКТІ ҚАЙТА ІЛУ


БИРЮСА ВІ 241, ВІ 269

Қажетті құралдар (жеткізу жиынтығына кірмейді):


	Айқара бұрауыш		Қалақша немесе жазық бұрағыш
	Тұқыр кілті 8 мм		Бояу таспасы

1. Тоңазытқышты қуат көзінен ажыратыңыз және тоңазытқыштың есігіндегі сөрелерден барлық азық-түліктерді шығарыңыз.


2. ТБ есігінен жоғарғы бітеуіштерді және ілмекті шешіп алыңыз.




3. ТБ есігін, төменгі ілмекті және бітеуішті шешіп алыңыз.




4. ТБ-нің төменгі ілмегін және жоғарғы ілмегін орындарымен ауыстырып, оларды орнатыңыз және бітеуіштерді бекітіңіз.
5. ТБ есігінен екі бекіту тақтайшаларын шешіп алыңыз, оларды 180° бұраңыз және есіктің қарама-қарсы жағына орнатыңыз.



6. Мұздату камерасы есігінің жоғарғы ілмегін, есікті, төменгі ілмекті және бітеуіштерді шешіп алыңыз.
7. МБ-нің төменгі ілмегін және жоғарғы ілмегін орындарымен ауыстырып, оларды орнатыңыз және бітеуіштерді бекітіңіз.







8. МБ есігінен екі бекіту тақтайшаларын шешіп алыңыз, оларды 180° бұраңыз және есіктің қарама-қарсы жағына орнатыңыз.









БИРЮСА ВІ 267, ВІ 300

Қажетті құралдар (жеткізу жиынтығына кірмейді):


	Айқара бұрауыш		Қалақша немесе жазық бұрағыш
	Тұқыр кілті 8 мм		Бояу таспасы


1. Тоңазытқыштың есігін ашыңыз. Сәндік қаптамаларды ілмектерден шешіп алыңыз, корпустың жоғарғы және төменгі бөліктерінен алмалы-салмалы сұққыштарды бұрап шығарып, корпустың ортаңғы бөлігіндегі бітеуіштерді шешіп алыңыз.




- —Ілмектерге арналған сәндік қаптама
- —Алмалы-салмалы сұққыш
- —Корпустың ортаңғы бөлігіне арналған бітеуіш
- —Жоғарғы ілмек
- —Төменгі ілмек

2. Есіктің ілмектерінен бұрандаларды бұрап шығарыңыз, содан кейін жоғарғы және төменгі есіктерді кезекпен шешіп алыңыз.



- —Топсалы бұрандалар

3. Жоғарғы және төменгі ілмектерді шешіп алып, содан кейін орындарын ауыстырып, оларды есіктің қарама-қарсы жағына бекітіңіз.



4. Есіктерді ілмектерге орнатыңыз, бұрандаларды бұрап кіргізіңіз, корпустың жоғарғы және төменгі бөліктеріне алмалы-салмалы сұққыштарды, корпустың ортаңғы бөлігіне бітеуішті орнатыңыз және сәндік қаптамаларды қайтарыңыз.

ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ


БИРЮСА ВІ 269

Әрбір тоңазытқыштың жиынтықталымына пайдалану құжаттамасының жиынтығы кіреді: пайдалану нұсқаулығы, кепілдік картасы, энергия тиімділігі белгісі, монтаждау жиыны.

Тоңазытқыш жиынтық- талымы

Бирюса
ВІ 269

КАЗАҚША




ПАЙДАЛАНУ

БИРЮСА ВІ 269

- Тоңазытқышты қосу / сөндіру**
- Тоңазытқышты қосу үшін **«Setting»** батырмасын басыңыз.
 - Тоңазытқышты сөндіру үшін, **«Setting»** батырмасын басып, 10 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. Барлық индикаторлар сөнеді, 15 секундтан кейін тоңазытқыш өшеді.
 - Тоңазытқышты қуат көзіне алғаш рет қосқан кезде басқару тақтасындағы барлық индикаторлар 3 секунд бойы жанады. Содан кейін «4°C» индикаторынан басқа барлық индикаторлар сөнеді».

Тоңазытқышты басқару панелі



Setting - тоңазыту бөліміндегі температураны таңдау, қосу/сөндіру, «Супер мұздату» / «Супер салқындату» режимдері батырмасы.

Индикаторлар: 6°C — 4°C — 3°C — 2°C

- Температураны орнату**
- Тоңазытқышты желіге алғаш қосқан кезде температура 4°C деңгейінде орнатылады. Тоңазытқышты қайта қосқан кезде температура соңғы таңдалған мән деңгейінде орнатылады.
 - Тоңазыту бөлімінің температурасын таңдау үшін **«Setting»** батырмасын біртіндеп басыңыз, бұл кезде таңдалған температура индикаторы жанады. 15 секундтан кейін тоңазытқыш таңдалған режимде жұмыс істей бастайды.
- «Супер салқындату» режимі**
- «Супер салқындату» режимін қосу үшін **«Setting»** батырмасын басып, 3 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. Панельде 2°C және 3°C индикаторлары жанады. Тоңазытқыш 15 секундтан кейін «Супер салқындату» режиміне ауысады.
 - «Супер салқындату» режимі 6 сағат өткен соң автоматты түрде өшеді. Режимнен ертерек шығу үшін **«Setting»** батырмасын басыңыз.
- «Супер мұздату» режимі**
- «Супер мұздату» режимінде мұздату бөліміндегі температура -24°C-ге жетеді. «Супер мұздату» режимін қосу үшін **«Setting»** батырмасын басып, 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. Панельде 4°C және 6°C индикаторлары жанады. Тоңазытқыш 15 секундтан кейін «Супер мұздату» режиміне ауысады.
 - «Супер мұздату» режимі 40 сағат өткен соң автоматты түрде өшеді. Режимнен ертерек шығу үшін **«Setting»** батырмасын басыңыз.

ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ


БИРЮСА ВІ 241

Әрбір тоңазытқыштың жиынтықталымына пайдалану құжаттамасының жиынтығы кіреді: пайдалану нұсқаулығы, кепілдік картасы, энергия тиімділігі белгісі, монтаждау жиыны.

Тоңазытқыш
жиынтық-
талымы

Бирюса
ВІ 241

КАЗАҚША



ПАЙДАЛАНУ

БИРЮСА ВІ 241


Тоңазытқышты қосу / сөндіру

- Тоңазытқыштың қуат көзін қосқан кезде басқару тақтасындағы барлық индикаторлар 3 секунд ішінде жанады. Содан кейін «4°C» индикаторынан басқа барлық индикаторлар сөнеді.
- Тоңазытқышты сөндіру үшін, «А» батырмасын басып, 10 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. 30 секундтан кейін тоңазытқыш өшеді. Тоңазытқышты қайтадан қосу үшін «А» батырмасын басыңыз.

Тоңазытқышты бұғаттау / бұғаттан шығару

- Егер басқару панелі бұғатталған болса, «А» батырмасын 3 секунд басып, ұстап тұрыңыз. Басқару панелін бұғаттан шығарған кезде барлық индикаторлар 2 секунд бойы жыпылықтап тұрады.
- Егер басқару панелін бұғаттан шығарғаннан кейін 30 секунд бойы онда ешқандай әрекеттер болмаса, ол автоматты түрде бұғатталады.

Тоңазытқышты басқару панелі



A - Тоңазыту бөліміндегі температураны таңдау, бұғаттау/бұғаттан шығару, «Супер мұздату» режимін қосу/сөндіру батырмасы.

- Индикатор 1: 8°C
- Индикатор 2: 6°C
- Индикатор 3: 4°C
- Индикатор 4: 2°C

Температураны орнату

- Тоңазыту бөлімінің температурасын таңдау үшін «А» батырмасын біртіндеп басыңыз, бұл кезде таңдалған температура индикаторы жанады. 30 секундтан кейін тоңазытқыш таңдалған режимде жұмыс істей бастайды.

«Супер мұздату» режимі

- «Супер мұздату» режимінде мұздату бөліміндегі температура -24°C-ге жетеді. «Супер мұздату» режимін қосу үшін «А» батырмасын басып, 3 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.
- «А» батырмасын қайталап басқан кезде, 3 секунд ішінде «Супер мұздату» режимі өшіріледі. Сонымен қатар, «Супер мұздату» режимін 20 сағат өткен соң автоматты түрде өшіруге болады.

ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ


БИРЮСА ВІ 267

Әрбір тоңазытқыштың жиынтықталымына пайдалану құжаттамасының жиынтығы кіреді: пайдалану нұсқаулығы, кепілдік картасы, энергия тиімділігі белгісі, монтаждау жиыны.

Тоңазытқыш жиынтық- талымы

Бирюса
ВІ 267

КАЗАҚША




ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ

БИРЮСА ВІ 300

Әрбір тоңазытқыштың жиынтықталымына пайдалану құжаттамасының жиынтығы кіреді: пайдалану нұсқаулығы, кепілдік картасы, энергия тиімділігі белгісі, монтаждау жиыны.

Тоңазытқыш жиынтық- талымы

Бирюса
ВІ 267




ПАЙДАЛАНУ

БИРЮСА ВІ 267, ВІ 300

Тоңазытқышты іске қосу

- Тоңазытқышты қуат көзіне қосқан кезде барлық индикаторлар 3 секунд ішінде жанады. Әрі қарай, дыбыстық сигнал шығады, **Colder** индикаторынан басқа барлық индикаторлар сөнеді, компрессор жұмыс істей бастайды.

Тоңазытқышты басқару панелі



Индикаторлар мен басқару түймелері

- A - Тоңазыту бөліміндегі режимді, күту режимін, «SUPER COOL» (Супер салқындату) режимін таңдау батырмасы.
B - Мұздату бөліміндегі режимді, «Vacation» (Демалыс) режимін, «SUPER FREEZER» (Супер мұздату) режимін таңдау батырмасы.
1- COLDEST режимінің индикаторы;
2- COLDER режимінің индикаторы;
3- COLD режимінің индикаторы;
4- «SUPER COOL» / «SUPER FREEZER» (Супер салқындату) / (Супер мұздату) режимдерін таңдау индикаторы;
5- Мұздату бөліміндегі режимдерді таңдау индикаторы;
6- «Vacation» (Демалыс) режимінің индикаторы.

Тоңазыту/мұздату бөлімдерінде температураны орнату

- Тоңазыту бөлімінің жұмыс режимін таңдау үшін «A» батырмасын ретімен басыңыз. Мұздату бөлімінің жұмыс режимін таңдау үшін «B» батырмасын ретімен басыңыз. 15 секундтан кейін тоңазытқыш таңдалған режимде жұмыс істей бастайды.
- Температура мынадай бірізділікте өзгереді.
COLDEST — COLDER — COLD — SUPER COOL/FREEZER
- мұндағы, COLDEST — ең төмен температура
мұндағы, COLD — ең жоғары температура

«SUPER FREEZER» (Супер мұздату) режимі

- «Супер мұздату» режимін қосу үшін «B» батырмасын басыңыз, Индикатор «5» жанады. Содан кейін қайтадан «B» батырмасын, Индикатор «4» жанғанға дейін ретпен басыңыз. «Супер мұздату» режимі 15 секундтан кейін қосылады. «Супер мұздату» режимі 40 сағат өткен соң автоматты түрде өшеді. «Супер мұздату» режимінен ертерек шығу үшін «B» батырмасын басыңыз.

«SUPER COOL» (Супер салқындату) режимі

- «Супер салқындату» режимін қосу үшін «A» батырмасын, Индикатор «4» жанғанға дейін ретпен басыңыз. «Супер салқындату» режимі 15 секундтан кейін қосылады. «Супер салқындату» режимі 6 сағат өткен соң автоматты түрде өшеді. «Супер салқындату» режимінен ертерек шығу үшін «A» батырмасын басыңыз.

«Vacation» (Демалыс) режимі

- «Демалыс» режимін өшіру үшін, «B» батырмасын басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, Индикатор «6» индикаторы жанады. «Демалыс» режимі 15 секундтан кейін қосылады. Бұл режимде тоңазыту бөлімі өшіріліп, мұздату бөлімінде COLDER режимі орнатылады. «Демалыс» режимінен шығу үшін, «A» немесе «B» батырмасын басыңыз, индикатор «6» өшеді.
- «Демалыс» режимінен шығу үшін, «A» немесе «B» батырмасын басып, 3 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз, индикатор «6» өшеді.

АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕРДІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕ ҰСЫНЫМДАР

- Ерекше иісі бар немесе иісті оңай сіңіретін өнімдерді оралған күйінде, сұйықтықтарды - тек жабық күйінде сақтаңыз.
- Қажет болмаса тоңазытқыштың есігін ашпаңыз және оны ашық күйде ұзақ ұстамаңыз.
- Аспаптың тоңазытқышын плюс 10 °С төмен температурасы бар үй-жайда ұзақ уақытқа орнатқанда, ол тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін (тоңазытқыш бөлімінде температураның жоғарылауы мүмкін).

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТУ

Тазалау

Тоңазытқыштың сенімді жұмысын және оңтайлы энергия тұтынуын қамтамасыз ету үшін тоңазытқышты мезгіл-мезгіл (6-10 айда бір рет) тазалау ұсынылады. Ол үшін:

1. Тоңазытқышты электр қуатының желісінен ажыратыңыз.
2. Тоңазытқыштан азық-түлікті, сондай-ақ құрамдас бөліктерін (сөрелер, жәшіктер) алып шығарыңыз.
3. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін, сондай-ақ құрамдас бөліктерін жылы сабынды суға малынған жұмсақ шүберекпен жуыңыз, таза сумен шайыңыз және құрғатып сүртіңіз.
4. Есіктері ашық тоңазытқышты бір сағат құрғатыңыз.

HA3AP

АУДАРЫҢЫЗ!

Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін тазалау үшін құрамында қышқылдар және еріткіштер бар абразивті пасталарды немесе жуғыш құралдарды қолданбаңыз!

Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, жағымсыз иістің алдын алу үшін оны тазартып, есіктерін ашық күйінде қалдыру ұсынылады.

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Ақаулық, сырттан білінуі	Ықтимал себебі	Ақаулықты анықтау және жою әдісі
Желіге қосылған тоңазытқыш жұмыс істемейді	Желіде кернеу жоқ	Желідегі кернеуді тексеру
	Розетканың айырман түйіспесі жоқ	Түйісуді қамтамасыз ету
Тоңазытқыштағы иістер	Иіс шығаратын өнімдердің герметикалық емес қаптамасы	Тоңазытқышты жылы сабынды сумен шайыңыз, сүртіңіз және желдетіңіз
Компрессордың ұзақ уақыт жұмыс істеуі	Жаз мезгілінде тоңазытқыштың ұзақ уақыт жұмыс істеуі қалыпты құбылыс Есіктер тым жиі ашылады	Қоршаған ортаның температурасы жоғары болған кезде тоңазытқышқа бір уақытта тым көп тағам салуға болмайды Өнімдерді тоңазытқышқа салмас бұрын олар салқындауы керек
Тоңазытқышты жарықтандыру жұмыс істемейді	Жарықдиодты шам зақымдалуы мүмкін	Егер жарықдиодты шам жанбаса, сатушыға немесе авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз
Суға арналған науа толып кетеді	Дренаждық тесіктің бітелуі. Тоңазытқыштың есігі толықтай жабылмаған, саңылаусыздығы бұзылған. Ауаның кіруі артық конденсаттың пайда болуына әкеледі	Бітелуді кәдімгі бүрікішімен немесе резеңке үрімшемен кетіруге болады. Резеңкені, бояудың ісініп кетпегендігін, резеңкемен жанасу жерлерінде тоттың бар-жоғын, резеңкенің өзінің бүлінген жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз.

Басқа ақаулар туындаған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Тоңазытқыш жұмысының барысында:

- температураның реле тетіктерінің іске қосылу шертпелері;
 - тоңазытқыш жүйе тетікшелері арқылы айналатын салқындатқыш агент сылдыры;
 - материалдық температуралық деформациялануы кезіндегі жеңіл сыртылдау.
- Осы дыбыстар қандай да бір ақаумен байланысты емес және олардың функционалдық сипаты бар.

Ақаулық туындаған жағдайда тоңазытқыштың басқару тақтасында қате коды немесе тиісті индикация пайда болады (төмендегі кестелерді қараңыз). Егер басқару тақтасында ақаулық туралы ақпарат пайда болса, оны жою үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласу керек.

Қате коды	Ақаулықтардың сипаттамасы
Бирюса BI 269	
2°C және 3°C индикаторы жыпылықтап тұр	Тоңазытқыштың температура қадағасының ақаулығы
2°C және 6°C индикаторы жыпылықтап тұр	Қоршаған орта температура қадағасының ақаулығы
2°C және 4°C индикаторы жыпылықтап тұр	Тоңазытқышты еріту қадағасының ақаулығы
Бирюса BI 267, Бирюса BI 300	
«Light On FRZ. Temp» «Light On Vacation» индикаторы жыпылықтап тұр.	Мұздату камерасының температура қадағасының ақаулығы
«COLDEST» / «Vacation» индикаторы жыпылықтап тұр	Тоңазыту камерасындағы температура қадағасының ақаулығы
«COLDEST»/«COLDER» индикаторы жыпылықтап тұр	Қату қадағасының ақаулығы
«Light On Vacation» / «COLD» индикаторы жыпылықтап тұр	Қоршаған орта температура қадағасының ақаулығы
«COLDEST»/«COLD» индикаторы жыпылықтап тұр	Байланыстағы ақаулар
Бирюса BI 241	
8°C индикаторы жыпылықтап тұр	Тоңазытқыштың температура қадағасының ақаулығы
6°C индикаторы жыпылықтап тұр	Тоңазыту камерасының еріту қадағасының ақаулығы
4°C индикаторы жыпылықтап тұр	Мұздату камерасының еріту қадағасының ақаулығы
2°C индикаторы жыпылықтап тұр.	Қоршаған орта температура қадағасының ақаулығы

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Белгіленген қызмет ету мерзімі өткеннен кейін дайындаушы кәсіпорын тоңазытқыштың қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауап бермейді, сондықтан үш жылда кемінде бір рет шеберхананың маманын электр және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның электр сымдарын профилактикалық тексеру немесе жөндеу үшін шақыру ұсынылады.

Егер сіздің тоңазытқышыңызды болашақта пайдалану мүмкін болмаса, оны келесі түрде жарамсыз күйге келтіруді ұсынамыз:

- ашаны желіден ажыратып, сымды кесіңіз;
- тоңазытқыштың корпусы мен есіктің корпусы жергілікті әкімшілік белгілеген ережелер мен талаптар бойынша тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар полигондарында көмілуі тиіс;
- компрессор, тоңазытқыш қондырғы, іске қосу релесі, электр сымдары қара және түсті металдардың сынықтары ретінде жойылуы мүмкін.

**ТҮЙІМ
САЛЫНАДЫ!**

Күйдіру жылу оқшаулағыш корпусы және тоңазытқыш есігі байланысты білім беру жанған кезде ұятты заттар.

«К3Х «Бирюса» ААҚ тапсырысы бойынша өндірілді
Ресей Федерациясы, 660123, Красноярск қ., «Красноярский рабочий» газеті ат. даң., 29 ұй
Өндірілген: Hefei Hualing Co., Ltd
No. 176 Jinxiu Road, Economic & Technological Zone, Hefei, Anhui 230601, China

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Сипаттамалары	Үлгінің белгіленуі	Бирюса ВІ 269	Бирюса ВІ 241	Бирюса ВІ 267	Бирюса ВІ 300
Атаулы кернеу, тоқтың жиілігі, В, Гц		220-240 ~, 50			
Атаулы тұтынатын қуаты, Вт		85	85	85	90
Еру режиміндегі номиналды тұтыну қуаты, Вт		-	180	185	170
Нақтылы жалпы брутто көлемі, дм ³		274	266	274	334
Толық пайдалы көлемі, дм ³		269	241	267	307
Тоңазытқыш бөлімнің атаулы пайдалы көлемі, дм ³		192	182	193	219
Мұздатқыш бөлімнің атаулы пайдалы көлемі, дм ³		77	59	74	88
Таза салмағы, кг, артық емес		55	54,5	62	75
Габариттік өлшемдері, мм:					
ені		540	540	558	558
тереңдігі		550	545	558	558
биіктігі		1785	1785	1767	1940
Белгіленген қызмет ету мерзімі, жыл, кемінде		10			
Дыбыс қуатының түзетілген деңгейі, дБа, артық емес		38	35	35	35
Энергетикалық тиімділік класы		A+	A+	A++	A++
Климаттық класс		SN, N, ST, T	SN, N, ST, T	SN, N, ST, T	SN, N, ST, T
Атаулы мұздату қабілеті, кг/24 сағ		3,6	6	3,5	4
Энергияны бір тәулікте тұтыну, кВт•сағ/24сағ		0,62	0,78	0,66	0,70
No Frost жүйесі		Жоқ	Иә	Иә	Иә
Компрессорлар саны		1	1	1	1
Компрессордың түрі		Инверторлық	Инверторлық	Инверторлық	Инверторлық

Кепілдік картасы



Құрметті сатып алушы!

Кіріктірілген «Бирюса» тоңазытқышын таңдағаныңыз үшін рахмет!

Кепілдік шарттары:

Дайындаушы зауыттың кепілдік міндеттемелері Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы негізінде әзірленген.

Тоңазытқышта кепілдік мерзімі бір жыл.

Кепілдік мерзімі ішінде аспаптың ақаулығы анықталса, дайындаушы (сатушы) «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңымен көзделген тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

Түсініспеушілікті болдырмау үшін, Сізден бұйымдарды пайдалану және сақтау ережелері мен шарттарын, кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуіңізді, сондай-ақ кепілдік картасын толтыру дұрыстығын тексеруіңізді сұраймыз.

Кепілдік картасы дұрыс және нақты көрсетілген жағдайда ғана жарамды: үлгісі, бұйымның сериялық нөмірі, дайындау және сату күні, сатушы-фирманың нақты мөрлері, сатып алушының колы. Бұйымның сериялық нөмірі мен үлгісі кепілдік картасында көрсетілгендерге сәйкес келуі тиіс.

Кепілдікті қызмет көрсету мерзімі аспапты сатқан күннен бастап есептеледі. Егер сату күні белгілеу мүмкін болмаса, «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» РФ заңына сәйкес кепілдік мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Кепілдікті жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін немесе «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» РФ Заңымен көзделген басқа талаптарды қойған кезде, Сізден ілеспе құжаттарды (чек, квитанция, дұрыс және анық толтырылған кепілдік картасы, сатып алу күні мен орнын растайтын басқа құжаттар) сақтауыңызды өтініп сұраймыз. Бұйымның сапасы бойынша кез келген наразылықтар «Бирюса» авторизацияланған сервис орталығының өкілі бұйым сапасын алдын ала тексергеннен кейін ғана қарастырылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспапты сатып алған кезде сатушымен бірге пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген жұмысқа қабілеттілігін, жиынтықтылығын, механикалық зақымдардың жоқтығын тексеріңіз. Дайындаушы-зауыт олар тұтынушыға тапсырғаннан кейін туындаған жағдайда аспаптың механикалық зақымдары мен толымсыздығы үшін жауапты болмайды.

Аспапты жөндеу пайдалану орнында немесе кепілдікті шеберханада жүргізіледі. Аспапты жөндеу үшін кепілдікті шеберханаға жеткізу, ауыстыру және оны тұтынушыға қайтару жасалған шарттың негізінде сатушының (дайындаушының) немесе сатушының (дайындаушының) функцияларын орындайтын ұйымның күшімен және есебінен жүргізіледі.

Кепілді жөндеуге арналған №1, №2, №3 және №4 талондарды механик кепілді мерзім кезеңінде тораптар мен бөлшектерді ауыстыра отырып жөндеуді орындағаннан кейін, сондай-ақ кепілді мерзім кезеңінде тораптар мен бөлшектерді алмастырмай аспапты реттеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде алып қояды.

Кепілдікті шеберханадағы механик талондарды алып қойған кезде талон түбіртегіндегі деректерді жазып алуды талап етіңіз.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА КӨРСЕТІЛМЕЙДІ:

тұтынушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көзделген тасымалдау, сақтау, орнату, күту, қауіпсіздік және пайдалану талаптарын сақтамауы;

кепілді қызмет көрсетуді орындауға дайындаушы кәсіпорын уәкілеттік бермеген тұлғалардың жөндеу жүргізуі;

оқис жағдайдың немесе еңсерілмейтін күш әсерінен (өрт, дүлей апат және т.б.) болған жарамсыздықтар кезінде;

тұрмыстық жәндіктер мен кеміргіштердің әсерінен, өзге де бөгде факторлардың әсерінен, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулықта айтылған техникалық талаптардың елеулі бұзылуынан, оның ішінде MEMST 13109-97 белгілеген электр желісі параметрлерінің тұрақсыздығынан туындаған қалыпты жұмыстың зақымдануы немесе бұзылуы кезінде.

Кепілдік Жәшіктерге, Жәшіктердің қаптамасына, есіктердің тұтқаларына, есіктің шыныблогына, қақпақтың пердесіне, камера құлпына таралмайды.

Авторизацияланған сервис орталықтарының телефондары мен мекенжайлары туралы ақпаратты www.biryusa.ru сайтымызда немесе QR-кодты сканерлеп таба аласыз.

Моделі

Сериялық нөмірі

Дайындалған күні

Сатушы ұйымның атауы _____

Сатылған күні _____

М.О. _____

Кепілдік жағдайларының шарттарымен таныстым, жиынтықталымға және сыртқы түріне шағымдарым жоқ _____

Сатып алушының Т.А.Ө. қолы _____

Талонның түбіртегі міндетті түрде толтыру және тұтынушыда қалдыру қажет

Кепілдікті жөндеуге № 1

талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 2

талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 3

талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

Кепілдікті жөндеуге № 4

талонның түбіртегі

Алынды _____ алу күні _____

Орындаушы _____ тегі _____

Орындалған жұмыстар _____

бирюса

№ 1 ТАЛОН (кепілдікті жөндеуге)

Үлгісі _____

сериялық № _____

дайындалған күні _____

сатылған күні _____ М.О. _____

бирюса

№ 2 ТАЛОН (кепілдікті жөндеуге)

Үлгісі _____

сериялық № _____

дайындалған күні _____

сатылған күні _____ М.О. _____

бирюса

№ 3 ТАЛОН (кепілдікті жөндеуге)

Үлгісі _____

сериялық № _____

дайындалған күні _____

сатылған күні _____ М.О. _____

бирюса

№ 4 ТАЛОН (кепілдікті жөндеуге)

Үлгісі _____

сериялық № _____

дайындалған күні _____

сатылған күні _____ М.О. _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____

Жөндеудің сипаттауы _____

Шебердің қолы _____

Клиенттің қолы _____